## Сағаттық белдеулер тақырыбында меридиан градустары арқылы уақыт айырмасын есептеу

1.Астанада сағат 16.болғанда(70°ш.б.)Каирде уақыт қанша?

а)сағ.13 ә)сағ.15 б)сағ.12 в)сағ.16

Жауабы:75°-30°=45°х4мин=180 мин=3 сағ. 16-3=13 сағ

2.Алматыда(77°ш.б.)сағ 15 болғанда Вашингтода 74°б.б. неше?

а)13сағ. ә)5сағ. б)3сағ в)7сағ.

Жауабы:77°+74°=151°х4мин=604:60мин=10сағ

15сағ-10сағ=5 сағ. Вашингтонда таңғы 5 сағ.

3.Киевте(30°ш.б.)сағ. Түскі 12 болғанда Қарағандыда (75°ш.б.)қанша?

а)16сағ ә)11 сағ б)15 сағ в)14 сағ

Жауабы:75°ш.б.-30°ш.б.=45°х 4 мин=180мин:60мин=3 сағ.

Қарағандыда сағ. 12+3=15 сағ.

4.Берілгені.52°ш.б.жергілікті сағат түскі 12°°болғанда,83°ш.б.сағат қанша болады?

Табу керек.83°ш.б.сағатты.

Шешуі.( 83°-52°) 4=124 минут.124мин:60=2 сағат+12°=14°сағат.

Немесе 80°пен 52° арасы 2 сағат сондықтан, 12°+2=14°

Жауабы.Сағат 14°° болады.

5.Берілгені.15°ш.б.жергілікті уақыт 01:00 болғанда,30° батыс бойлықта сағат қанша болады?

Табу керек.30°б.б. сағат қанша екенін.

Шешуі. 15°+30°х4=180 01:00+24:00=25:00

180:60=3 сағат 25:00-3:00=22:00

6.Берілгені. Жер беті шартты түрде 24 сағаттық белдеуге бөлінген,ал әр сағаттық белдеудің арасы қанша градусқа тең?

Табу керек.Әр сағаттық белдеулер арасындағы арақашықтықты.

Шешуі.Жер шар тәрізді десек,онда шеңбер сызу үшін 360° керек.

360°:24 сағатқа=15°

Жауабы.Әр градустың арасы 15°-қа тең.

Яғни,әр 15°-1 сағат(1 сағ=60мин; 60мин;15°=4минутқа тең.Әр1°арасы 4 минуттан.1-ші сағаттық белдеу-7°30мин.басталады).

7.Берілгені.Қазақстан жерінде кеш болғанда АҚШ-та 90°бойлықта қай уақыт болады?(таң,түс,кеш,түн).

Табу керек.АҚШ-та 90°бойлықтақандай мезгіл болатынын(таң,түс,кеш,түн).

Шешуі.Сағаттық белдеулік картасы бойынша ҚР-сы 3-4-5 сағаттық белднуде орналасқа(сағаттық белдеулерді қосуына байланысты,қазіргі соңғы кезде екі сағаттық белдеуге өзгертілді).Яғни,5-ші сағаттық белдеуде кеш болса,сағат 18°°,батыс жарты шарда орналасқан АҚШ-та 90°б.б сағаттық белдеуде таңғы 05:08 болады.

ҚР-ның шығыстағы шеткі нүктесі 87°ш.б+АҚШ 90°=177°

177°4мин=708 мин:60(1сағ.)=11:08сағат айырмашылық бар.

ҚР-да сағ 18°°+11:08=таңғы 05:08 сағат болады.

Жауабы.АҚШ 90°б.б сағат 05:08 болады.Яғни таң атады.

8. 770ш.б орналасқан Алматы қаласында 16 сағат болғанда, 740 б.б орналасқан Нью-Йоркте сағат неше болатынын анықта.

Жауабы: 770ш.б+740 б.б=1510х4=604:60=1,4 ( 1 сағ15 мин)

Арақашықтығы: 151х111=16761 км

9.520 ш.б жергілікті сағат түскі 1200сағ болса, 830 ш.б сағат қанша?

Жауабы: 83-52=31х4=124

124:60=2 сағ 4 мин+12 сағ=14 сағ 4 мин

Арақашықтығы: 83-52=31х111 км=3441 км

10.770 ш.б. орн. Алматы қ - да 10 қыркүйектегі таңғы сағат 8. 00 болғанда 1170б.б. Сан-Диего қ-да қай күннің қай уақыты болады? (77+117х4: 60 =13 - 8= 5 сағ. 24 - 5=19. 00)

Жауабы: Сан – Диегода 11 күні .19. 00сағ

Гидросфераға байланысты есептер

1. Каспий теңізінің орташа тұздылығы 13 ‰ болса, 1 $м^3$ судың құрамындағы тұз мөлшері қанша болады?

2. Қара теңізінің орташа тұздылығы 21,8 ‰ болса, 1 $м^3$ судың құрамындағы тұз мөлшері қанша болады?

3. Іле өзені бастауының биіктігі (теңіз деңгейінен) 3540 м, ұзындығы 1439 км, сағасының биіктігі 340 м. Өзен құламасы мен еңісігін анықта?

4. Қызылорда қаласының маңында Сырдария өзенінің ені 80 м, тереңдігі 4 м, өзен суының шығыны 703 $м^3/с$. Табу керек өзен ағысының жылдамдығын.

5. Хан – Тәңірі нүктесінің теңіз деңгейінен абсолюттік биіктігі 6995 м. Каспий, Арал, Балқаш көлдерінен Хан – Тәңірі қанша метр биікте орналасқан?

6. Егер 1 жылда Атлант мұхитына 5 – 10 млн т мұнай қалдықтары төгілетін болса, оның ауданының мұнаймен ластануы қаншалықты өзгереді?

7. Елдегі барлық көлдердің жалпы ауданы 45 мың $км^2$ . Бұл ел аумағының қанша пайызын алып жатыр?

8. Каспий теңізінің орташа тұздылығы 13 ‰ , суының көлемі 78200 $км^3$ .  Теңізде жалпы қанша тонна тұз қоры бар.

9.Кемеден жіберілген эхолот дыбысы теңіз түбіне 3минутта жетіп,қайтып келсе,теңіздің тереңдігі қанша?

1500м/с-эхолоттың жылдамдығы.

1500•3=4500м.

4500:2=2250м теңіздің тереңдігі.

10.Көлемі 200 куб метр сынып бөлмесінің ауасында +20°температурада қанша литр су буы болады?

Жауабы:200•17=3400г=3,4л

+20°температурада әрбір куб метр ауада 17г су буы болады.

11.Бір тонна мұхит суында қанша тұз болады?

Жауабы:1000•35=35000г.

12.Каспийдің солтүстігінде тұздылық 14промилде 1 тонна теңіз суынан қанща тұз алынады?

а)2800г     ә)14000г     б)140г     в)1000г

Жауабы:1000 л х 14=14000г

2.Іле өзенінің еңістік мөлшерін тап Н1=4000 м, Н2=350 м

а)3 м;   ә)2,6 м:   б)0,6;   в)2 м.

Жауабы:I={H1-H2}:L=4000-350:1700 м=2,6 м

L-өзеннің ұзындығы,I-еңістігі,H1-бастаудағы h.H2-сағадағы h

13.Берілгені.Петропавл қаласында буланушылық мөлшері 500мм,жауын-шашын 500мм.Ал,Қызылорда қаласында булаанушылық 900мм,жауын-шашын 150мм болғанда,ылғалдану коэффициенті қаншаға тең болады?

Табу керек.Екі қаланың ылғалдану коэффициентін табу.

Шешуі.К=Ж:Б формула бойынша есептесек.

Петропавл қаласында-К=500:500=1

Қызылорда қаласында-К=150:900=0,17

Жауабы.Петропавлда К-1-ге тең,ылғал жеткілікті(орманды дала,дала зонасы кездеседі).Ал,Қызылорда қаласында К-0,17-ге тең.Ылғал жеткіліксіз(шөлейт, шөл зонасы орналасқан).

Тест: «Экология және мен»

1. Сіз тісіңізді жуып тұрсыз. Сол уақытта шамамен қанша литр суды босқа ағызасыз?
А. Бір литр  Ә. Екі литр Б. Бес литр

2. Сіздің отбасы мүшелері газетті оқып болды. Ары қарайғы сіздің әрекетіңіз? А. Бірінші мүмкіндікте лақтырып тастау Ә. Газеттерді қағаз жинайтын жерге тапсырып, сөйтіп жергілікті бөлім «Жасыл әлем» ұйымынан алғыс алу. Б. Бұл менің жұмысым емес.

3. Сіздің әке шешеңіздің машинасы өте ластанған. Не істейсіз? А. Ата анамен бірге машина жуатын жерге барып жуасыз. Ә. Таныс балдарға жудыру. Б. Машинаны жақын жердегі көгалдың ортасын қойып, өзіңіз тазартуға кірісесіз.

4. Түсте сіз жолдастарыңызға баруыңыз керек. Не істейсіз? А. Әкеңізге апарып таста деп өтініш жасайсыз. Ә. Аяғыңызға ролик киіп, өзіңіз кетесіз. Б. Еш жаққа бармауға ұйғарасыз. Себебі бәрібір үлгермейсіз.

5. Сіздің сүйікті көйлегіңізді жуу керек. Не істейсіз? А. Қолмен тез арада жуасыз. Ә. Жууға үлкен апаңызға бересіз. Қарап отырмай іспен шұғылданасың. Б. Көйлекті кір жуатын машинаға саласыз.

6. Сіз сусындарды, көбінесе, қандай ыдыспен аласыз? А. Шыны ыдыс. Ә. Пластика Б. Қағаз ыдыс

7. Сіз салқын кеште машинада келе жатырсыз. Салқын тимес үшін сіз не істейсіз? А. Үйден алып шыққан жемпірді киесіз. Ә. Машинаның барлық терезесін жабасыз. Б. Ата анаңнан жылуды қосуды өтінесіз.

8. Сізге ертең сабақта оқитын дәріске байланысты кейбір қажетті нобайларды сызу керек. Ол үшін сіз қандай қағазды пайдаланасыз? А. Өте жақсы, жаңа сықырлап тұрған қағазды. Ә. Жазу жазылатын блокнот. Б. Артқы жағы таза, ескі жазылған қағаз.

9. Сіз жақын тоғайға жолдастарыңызбен дем алуға бардыңыз. Сізден кейін не қалды? А. Тамақтан қалған ыдыстар, т.б қалдықтар көмілген төмпешіктер қалды. Ә. Ештеңе қалған жоқ, себебі қалдықтардың бәрін өздеріңізбен алып кеттіңіздер. Б. Еркіндікке жол берілген. Сіз сыпырушы емессіз, қалдықтарды кез келген жерге тастап, ыдыстарды ағашқа іліп, ойға келгенді істедіңіз.

10. Сіз табиғаттану сабағында не істедіңіз? А. Әдеттегідей ұйықтадық. Ә. Дәптерге Арал теңізін салдық. Б. Қоршған сыртқы орта туралы тереңірек ойладық.

Сонымен экологиялық тақырыптарға берілген есептер, тесттер пәнаралық байланыстарды ашып, оқушыларды ізденуге, ойлануға, адам өміріне, денсаулығына табиғаттың зор маңызының бер екенін анықтауға көмектеседі.

Экологиялық есептер

Мақсаты: Айналадағы бізді қоршаған табиғатты сүйіп, аялап адамдардың тіршілігі, өмірі табиғатпен тікелей байланысты екенін жас ұрпақ балабақшадан, отбасынан, мектеп қабырғасынан жақсы түсініп шығу керек.

1-есеп. Тәулігіне 1 ағаш 1 адамға жететін оттегі бөледі. Қалада қажетсіз газдардың бөлінуіне байланысты бұл оттегінің 10 есе кемісе, бір жарым миллион халқы бар Алматы қаласының тұрғындары үшін қанша ағаш қажет?

Шешуі: 1500000*10=15 млн (ағаш)

2-есеп: Бір автомобиль тәулігіне 20 кг газ бөліп шығарса, 6 автомобиль 1 айда қанша кг газ бөліп шығарады?

Шешуі: 6*20=120; 120*30=3600 (кг)

3-есеп: 1 тонна мата қалдығынан өңдеп 600 метр мата алуға болады. Осындай 35 тонна мата қалдығынан қанша метр мата алуға болады?

Шешуі: 35*600=21000 (м)

4-есеп: Құмырсқа 1 минутта ұясына 2 ондық жәндік тасып әкелсе, 2 сағатта қанша жәндік тасып әкеледі?

Шешуі: 20*120=2400 (жәндік)

5-есеп: Жер мен Айдың арасы 384000 км, ал Жер мен Күннің арасы 149500000 км болса, Ай күнге қарағанда Жерге жуық шамамен неше есе жақын?

Шешуі: 149500000/384000≈389,3 (есе)

6-есеп: Пәтердегі су краннан дұрыс жабылмаса 6 минутта 1 стакан су ағады. Осындай краннан 1 сағатта /1 тәулікте/ неше литр су ағады?

Шешуі: 16*60=10 (стакан 1 сағ); 24*10=240 (стакан 1 тәулік)

7-есеп: 1 үйеңке ағашы бір жылда 2 кг 100 г оттегі бөліп шығарады. Ал шегіршін ағашы одан 7 есе көп оттегі бөліп шығарса, онда жылына бір үйеңке және шегіршін ағаштары қанша кг оттегі бөліп шығарады?

Шешуі: 2100*7=14700; 14700+2100=16800(г)=16кг 800г

8-есеп: Көк шегіртке 1 айда 42 өсімдік битін, одан 3 есе аз кішкене шіркей, ал шіркейлерге қарағанда шыбындарды 6 есе көп жесе, ол 1 айда /3 айда/ қанша жәндіктерді жейді?

Шешуі: 42/3=14;14*6=84: 42+14+84=140(1ай); 140*3=420(3ай)

9-есеп: Атмосферадағы ауаның ластану нәтижесінде 1 жылда 16 миллиард сомға залал келеді, ал 10,20,50,100 жылда қанша зиян шегеміз?

Шешуі: 16 млрд*10=160 млрд; 16*20=320млрд; 16*50=800млрд

10-есеп: Шошқа өсіретні кешендерден тәулігіне 350 метр куб лас заттар өзенге құйылады. Жылына қанша мөлшерде өзендерге лас зөат құйылады?

Шешуі: 365*350=127750м(куб)

11-есеп: Үйрек 70 күнде 4 кг-ға дейін салмақ қосса, 35 күнде ол қанша салмақ қосады?

Шешуі: 70/35=2; 4/2=2 (кг)

12-есеп: Бамбук ағашы тәулігіне 30 см өседі, ал терек ағашы тәулігіне 2 см өссе, бамбук ағашы тәулігіне неше есе артық өседі?

Шешуі: 30/2=15(есе)

13-есеп: Әр адам 1 жылда 3 ағаштан жасалған қағазды пайдаланады. Сенің жанұяңа қанша қағаз керек 1 жылда?

Шешуі: 4 адам болса- 4*12=48 (ағаш)

14-есеп: 60 кг Макулатура 1 ағаштың өмірін қорғаса, оқушылар жинаған 420 кг маклатура неше ағаштың өмірін қорғайды?

Шешуі: 420/60=70 (ағаштың)

Халықтың орналасуы, тығыздығы және табиғи өсуіне байланысты есептер

Берілгені:

10 000 000 халқы бар бір А мемлекетінде жыл бойында 360 000 балалар туылып, 120 000 адам қайтыс болды. Ел аумағына 20 000 адам кетіп, 10 000 адам келді.

( Бұл есептің өзі 6 жолмен шығады)

Табу керек:

1. Туу коэффициенті ?

2. Өлу коэффициенті ?

3. Халықтың табиғи өсуі ?

4. Табиғи өсу коэффициенті ?

5. Халықтың механикалық өсуі ?

6. Халықтың жалпы өсуі ?

№ 1

Туу коэффициентін табу.

Туу коэффициенті - n

Туылғандар саны – Nx

Халықтың жалпы саны - Px

n= Nx x 1000 ‰

Px

n= 360000 x1000 ‰ = 36 ‰

10 000 000

Туу коэффициенті: 36 ‰

№ 2

Өлу коэффициентін табу.

Өлу коэффициенті - m

Қайтыс болғандар саны – Mx

Халықтың жалпы саны - Px

$$m = \frac{Mx}{Px} \times 1000 ‰$$

$$m = \frac{120\ 000}{10\ 000\ 000} \times 1000 ‰ = 12 ‰$$

Өлу коэффициенті 12 ‰

№ 3

Халықтың табиғи өсуін табу.

Туу – Т

Өлу – Ө

Табиғи өсу ?

Тх = Т - Ө

360 000 – 120 000 = 240 000 адам.

№ 4

Табиғи өсу коффициентін табу

$$\text{Табиғи өсу коэф} = \frac{Т - Ө}{Px} \times 1000 ‰$$

$$\frac{240\ 000}{10\ 000\ 000} \times 1000 ‰ = 24 ‰$$

Табиғи өсу коэффициенті - 24 ‰

№ 5

Халықтың механикалық өсуіі табу.

И – иммигранттар

Э – эммигранттар

Vө – механикалық өсу.

Vө = И – Э

Vө = 10 000 – 20000 = - 10 000 (– теріс сальдо)

№ 6

Халықтың жалпы өсуін табу

Жө = Тө - Vө

Жө = 240 000 + (- 10000) = 230 000

Жалпы өсу коэффициенті = 230 000 х 1000 ‰ = 23 ‰

10 000 000

№ 7

Берілгені:

Егер жыл басында А елінде 12 560 000 адам өмір сүрсе, жыл ішінде 118 000 бала дүниеге келсе, ал өлім 7,5 ‰ құраса ел ел халқының саны жыл соңында қанша болатынын есепте.

Жауабы:

1) Қайтыс болғандар санын табу:

Қайтыс болғандар - Мө

Халықтың жалпы саны - Рх

Өлу коэффициенті - m

Мө = Рх х m = 94 200

1000 ‰

Мө = 12 560 000 х 7,5 = 94 200

1000 ‰

2) Жыл соңында:

12 560 000 + 118 000 – 94 200 = 12 583 800 адам болды.

№ 8

Берілгені:

2013 жылғы Қазақстандағы қала халқы мен ауыл халқының үлесін процентпен есептеңіз:

Облыс атауы Халық саны Қалалық Ауылдық Қалалық % Ауылдық %

Барлығы 16 911, 9 9264, 9 7646,9 54,8 45, 2

Қызылорда 596,2 360,98 235,2

Ақтөбе 682,5 383,67 289,8

Жауабы:

Қызылорда облысы:

Барлық халық саны - Рх

Қалалық - Қх

596,2 ------------------ 100 %

360,98 --------------------- х

Х = 360,98 х 100 = 60,5 %

596,2

Ауыл халқы - Ах

Х = 235,2 х 100 = 39,5 %

596,2

№ 9

Берілгені:

Халықтың тығыздығын есептеу

Облыс атауы Жер көлемі мың км2 Халық саны Тығыздығы 1 км2

Барлығы 2724, 9 16 911,9 6,2 адам

Қызылорда 226 596,2 2,6 адам

Ақтөбе 300,6 682,5 2,3 адам

Қызылорда облысы:

Барлық халық саны - Рх

Жер көлемі - Жк

Халық тығыздығы - ?

Хт =
Рх

Жк

$$Х_т = \frac{16\,911,9}{2724,9} = 6,2 \text{ адам}$$

№ 10 (2 жолмен шығады)

Берілгені:

(Диаграмманы слайдқа саламын үлгіре алмай жатырмын)

Диаграмманы пайдаланып: а) Дүние жүзіндегі дінге сенетін халық санын және оның халықтың жалпы санындағы үлесін ( % бойынша) есептеу; ә) Жалпы дінге сенетін халық санындағы әр діннің үлесін ( % бойынша) есептеп шығару.

Жауабы:

А) Дүние жүзіндегі дінге сенетін халық санын және оның халықтың жалпы санындағы үлесін ( % бойынша) есептеу

Барлық халық саны 6 550 000 адам

Дінге сенетін халық саны 4 343 000 адам

6 550 000 ----------- 100 %

4 343 000 -------------- х

$$Х = \frac{4\,343\,000 \times 100}{6\,550\,000} = 66,3 \%$$

Ә) Жалпы дінге сенетін халық санындағы әр діннің үлесін ( % бойынша) есептеп шығару.

1900+1033+764+338+160+100+48 = 4343

4343 ----------------- 100%

1900 ----------------- х

$$Х = \frac{1900 \times 100}{4343} = 43,7 \%$$

43,7 % - христиан діні

11.Халықтың тығыздығын анықтау үшін халықтың санын жер көлеміне бөлеміз.Қазақстандағы халықтың орташа тығыздығын тап.

Мысалы:15млн:2,7млн.шқ$^2$=5,5адам.

Осылай әр облыстың,әр ауданның халқының орташа тығыздығын есептеуге болады.

12.Берілгені.Орталық Қазақстанның халқының пайыздық көрсеткішін анықтау.

Табу керек.Орталық Қазақстанның пайыздық көрсеткішін.

Шешуі.Қарапайым математикалық амал пропорция құру арқылы табамыз.Орталық Қазақстанның халық санын жүзге көбейтіп ҚР-ның жалпы халық санына бөлеміз.Яғни,1411,7 мың адамх100%:14952,3(1999ж)=9,4%

Жауабы.Орталық Қазақстанның халқының пайыздық көрсеткіші-9,4%

Атмосфера тарауы бойыншаесептер

1.Жер бетінде ауа температурасы +20°С,3шқ биіктіктегі t°-қандай?

а)+2°  ә)-2°  б)0°  в)+3°

Жауабы:6°х3шқ=18°С, 20°-18°=+2°С

2.Жер бетінде ауа температурасы +8°С болса,660м тереңдікте температура қандай?

а)+24°С  ә)+28°С  б)+21°С  в)+30°С

Жауабы:660м:33°=20°С+8°С=28°С

3.Жердегі атмосфералық қысым 750мм с.б. 5шқ биіктіктегі қысым.

а)300мм с.б.;  ә)264мм с.б.;  б)260мм с.б.;  в)400мм с.б.

Жауабы:5000м:10,5=476мм с.б.  750-476=264мм с.б.

4.Ауа температурасы 30°С абсолют ылғалдылық 20г салыстырмалы ылғалдылық қандай?

а)100%  ә)50%  б)66%  в)87%

Жауабы:20г :30°х100%=66%

5.Таудың етегінде атмосфералық қысым 700мм,ал шыңында 360мм болса таудың биіктігі қанша?

Жауабы:700мм-360мм=метр.

6.Таудың етегіндегі температура +22°,ал шыңында -18° болса,таудың биіктігі қанша?

Жауабы:+22°-(-18°)=40°

40:6=6,6м.

7.Ұшақ қанатында ауа температурасы -30°көрсетті.Жер бетіндегі температура +24°болса,ұшақ қандай биіктікке көтерілген?

Жауабы:(-30°)-24°=54°

54:6=9шқ

8.Барометр тау етегінде 720мм,ал тау басында 420мм көрсетті.Тау басының биіктігі қандай?

Жауабы:(720-420)•10=3000м.

9. Егер ұшақ кабинасындағы барометр 755 мм сын. бағ. қысымды көрсетсе, ал жер бетіндегі қысым қалыпты болса, онда тозаңдандырғыш ұшақ қандай биіктікте ұшып бара жатыр деп есептейміз .

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м  көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

760 мм сын.бағ -755 мм сын. бағ= 5 мм сын бағ

10м------------------------1мм

Х--------------------------5мм

Х=10 м Х 5  = 50 м

10.Барометр тау бөктерінде (тау етегі)  742 мм сын. бағанасына тең, ал тау шыңында 679 мм сын бағ тең қысымды көрсетеді. Осы деректерді пайдаланып, таудың биіктігін анықта.

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м  көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

742 мм сын.бағ -679 мм сын. бағ=  63 мм сын бағ

10 м------------------------1мм

Х-------------------------- 63мм

Х=63 мм х 10 м / 1 мм  =  630 м

11.Жер бетіндегі қысымды қалыпты деп есептеп, тереңдігі 840м шахтаның атмосфералық қысымын анықта.

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м  көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

10 м----------------------------1 мм

840 м---------------------------х

Х=840м х 1мм :10м  =84 мм

760мм + 84мм = 844мм сын бағ

12.А нүктесінің  атмосфералық қысымы - 395 мм сынап бағанасына, ал Б нүктесіндегі атмосфералық қысым – 440 мм сынып бағанасына тең болған жағдайда осы нүктелердің абсалюттік және салыстырмалы биіктігін табыңдар.

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м  көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

395 мм -------------------------X

1мм----------------------------10м

X=395 мм х10 м / 1 мм = 3950м        А- нүктесінің абсалюттік биіктігі 3950 м

10 м----------------------------1мм

X-------------------------------440 мм

X=440 мм х 10 м / 1 мм = 4400 м            Н – нүктесінің абсалюттік биіктігі 440 м

Нүктелердің салыстырмалы биіктігі 4400 м -3950 м = 450 м

13.Барометр көрсеткіші бойынша тау етегінің қысымы 660 мм, ал тау басының қысымы 55 мм сынап бағанасына тең қысымды көрсетті. Таудың биіктігін анықта.

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м  көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

660 мм-550 мм = 110 мм

110 мм -------------------------X

1 мм ----------------------------10 м

X=110 мм х 10 м / 1 мм = 1100 м

Таудың биіктігі - 1100 м тең

14.Таудағы альпинистер тұрағының қысымы 175 мм сынап бағанасына тең. Тау шыңының биіктігі 5500 м тең. Альпинистер тұрағы  мен тау шыңының арасындағы салыстырмалы биіктікті анықта.

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м  көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

175 мм -------------------------X

1мм----------------------------10 м

X=175 мм x 10 м / 1 мм = 1750 м

5500 м – 1750 м = 3750 м

15.Ұшақ 4000 м биіктікте ұшып келеді. Егер жер бетіндегі атмосфералық қысым 750 мм болса, ұшақ сыртындағы атмосфералық қысымды анықтауға бола ма?

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

X ------------------------- 4000 м

1мм----------------------------10м

X=4000 м x 1 мм / 10 м = 400 мм

750 мм – 400 мм = 350 мм

16.Шиелі кенті теңіз деңгейінен есептегенде 200 м биіктікте орналасқан. Шиелі кентінің атмосфералық қысымын анықта.

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешімі:

X ------------------------- 200 м

1мм----------------------------10м

X=200 м x 1 мм / 10 м = 20 мм

760 мм – 20 мм = 740 мм

17.Көктөбе теле мұнарасының теңіз деңгейінен биіктігі 1020 м. Мұнара басына апарған барометр қанша қысымды көрсетер еді.

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

1020 м ------------------------- X

10 м ----------------------------1 мм

X=1020 м x 1 мм / 10 м = 102 мм

760 мм – 102 мм  =  658 мм

18.Тау етегінде қысым 750 мм сын бағ тең, ал тау төбесінде қысым 700 мм сын. бағ тең Таудың биіктігі қандай?

Ескеру керек: Қалыпты атмосфералық қысым 760 мм сынап бағанасына тең.

Әрбір 10 м  көтерілгенде қысым 1 мм сынап бағанасына кемиді

Шешуі:

750 мм – 700 мм = 50 мм

50  мм -------------------------Х

1мм----------------------------10м

Х=50 мм х 10 м / 1 мм = 500 м

19.Ауданы 25 см2  болатын заттың бетіне түсетін атмосфералық қысымды тап.

Ескеру керек:  1 см2  түсетін  атмосфералық қысым 1кг 33 г тең

Шешуі:

1 см 2-----------------------------1033г

25 см2-----------------------------Х

Х = 25 см2 х 1033 г / 1см2 = 25825 г  = 25кг825г

20.Шырпы қорапшасының биіктігі 1см,  ені 3,5 см,  ұзындығы 5 см. Шырпының бетіне түсетін атмосфералық қысымды анықта.

Ескеру керек:  1 см2  түсетін  атмосфералық қысым 1кг 33 г тең

Шешуі:

( 5 + 3,5 + 17,5 ) х 2 = 52 см2

1 см 2-----------------------------1033г

52 см2-----------------------------Х

Х = 52 см2 х 1033 г / 1см2 = 53716г = 53кг716г

21.Теңіз деңгейінде ауаның температурасы 250С болған жағдайда  4000 м биіктіктегі ауаның температурасын табу керек.

Ескеру керек:

Әрбір 100 м  көтерілгенде температура  0,60С төмендейді

Шешуі:

4000м  ------------------------ Х

100м----------------------------0,6м

Х= 4000 м х 0,60 : 100м = 240 С

250 С - 240С= 1 С

22.Альпинистердің тұрағы 7000 м, 6500м, 4000м биіктіктегі жерде орналасқан. Тау етегінің температурасы +270С болса альпиистер тұрағы орналасқан жерлердің температурасы қандай болғаны.

Ескеру керек:

Әрбір 100 м көтерілгенде температура 0,60С төмендейді

Шешуі:

1) 7000м  ------------------------- Х

100м----------------------------0,60

Х= 7000 м х 0,60 : 100м = 420 С

420 С - 270С=  150С

2) 6500м  ------------------------- Х

100м----------------------------0,60

Х= 6500 м х 0,60 : 100м = 390 С

390 С - 270С= 120 С

3) 4000м  ------------------------ Х

100м----------------------------0,60

Х= 4000 м х 0,60 : 100м = 240 С

270 С - 240С= 3 С

23.Тау етегінде температура +18 0С. Тау шыңында -50С Таудың биіктігін анықта

Ескеру керек:

Әрбір 100 м көтерілгенде температура 0,60С

Шешуі:

1) Температураның айырмашылығын тауып аламыз

180С  - (-5)0С= 230С

Х  ------------------------- +230С

100м-------------------------- 0,60

Х= 100 м х 230С: 0,60 С = 3833м

24.А нүктесінде температура +250С, В нүктесінде +70С. А және В нүктелерінің салыстырмалы биіктігін тап

1) Температураның айырмашылығын тауып аламыз

+250С  - 70С=  +180С

Х  ------------------------- +180С

100м-------------------------- 0,60

Х= 100 м х 180С: 0,60 С = 3000 м

25.Ауаның температурасы сағат 01. 00 –де (-150С), сағат 07. 00-де (-170С), сағат 13. 00-де (-140С), сағат 19. 00 –де (-100С) болғанда, орташа тәуліктік температураны тап.

Температураның тәуліктік амплитудасын тап.

Шешуі:

1) Орташа тәуліктік температура ((-150С)+ (-170С) + (-140С) + (-100С) ) : 4 = 56 0 С : 4 = 140С

2) Температураның тәуліктік амплитудасы

(-170С) - (-100С) = -70С

26. Ауаның температурасы сағат 01. 00 –де (-50С), сағат 07. 00-де (00С), сағат 13. 00-де

(-80С), сағат 19. 00 –де (-30С) болғанда, орташа тәуліктік температураны тап.

Температураның тәуліктік амплитудасын тап.

Шешуі:

1) Орташа тәуліктік температура

((-50С) + (-80С) + (-30С)) :  4 = - 160С : 4 = - 40С

2) Температураның тәуліктік амплитудасы

-8 0С -  00С = -80С

27.Ауаның температурасы сағат 01. 00 –де (+100С), сағат 07. 00-де (+140С), сағат 13. 00-де (+240С), сағат 19. 00 –де (+160С) болғанда, орташа тәуліктік температураны тап.

Температураның тәуліктік амплитудасын тап.

Шешуі:

1) Орташа тәуліктік температура

(100С + 140С + 240С + 160С ) : 4 = 640С : 4 = 160С

2) Температураның тәуліктік амплитудасы

240С - 100С = 140С

28.Ауаның температурасы қаңтардың орташа температурасы (-170С), ақпанның орташа температурасы (-150С), наурыздың орташа температурасы (-70С), сәуірдің орташа температурасы (-20С), мамырдың орташа температурасы (+80С), маусымның орташа температурасы (+150С), шілденің орташа температурасы (+180С), тамыздың орташа

температурасы (+180С), қыркүйектің орташа температурасы (+80С), қазанның орташа температурасы (00С), қарашаның орташа температурасы (-70С), желтоқсанның орташа температурасы (-150С), болғанда, орташа жылдық температураны тап.

Температураның жылдық амплитудасын тап.

Шешуі:

1) Орташа жылдық температура

(-170С) + (-150С) + (-20С) + (-00С) + 100С + 160С + 190С + 180С + 80С + 00С + (-70С) + (-150С) : 12 = (710С – (-560С)) : 12 = 3,80С

2) Температураның тәуліктік амплитудасы

190С - (-170С) = 20С

29.Форталезе қаласының әр айдың орташа тәуліктік көрсеткіші төмендегідей болған жағдайда, орташа жылдық температура мен температураның жылдық амплитудасы қандай болатынын тап.

Қаңтар айының орташа температурасы (00С), ақпан айының орташа температурасы (+20С), наурыз айының орташа температурасы (+50С), сәуір айының орташа температурасы (+120С), мамыр айының орташа температурасы (+180С), маусым айының орташа температурасы (+220С), шілде айының орташа температурасы (+250С), тамыз айының орташа температурасы (+240С), қыркүйек айының орташа температурасы (+200С), қазан айының орташа температурасы (+140С), қараша айының орташа температурасы (+80С), желтоқсан айының орташа температурасы (+30С)

Шешуі:

1) Орташа жылдық температура

((20С + 50С + 120С + 180С + 220С  + 250С + 240С + 200С +140С +80С + 30С ) : 12 =

153 : 12  = 12,80С

2) Температураның тәуліктік амплитудасы

240С  - 00С  =  240С

30.Балтимор қаласының әр айдың орташа тәуліктік көрсеткіші төмендегідей болған жағдайда, орташа жылдық температура мен температураның жылдық амплитудасы қандай болатынын тап.

Қаңтар айының орташа температурасы (+180С),  ақпан айының орташа температурасы (+170С), наурыз айының орташа температурасы (+160С), сәуір айының орташа температурасы (+100С), мамыр айының орташа температурасы (+70С), маусым айының орташа температурасы (+40С), шілде айының орташа температурасы (+40С), тамыз айының орташа температурасы (+60С), қыркүйек айының орташа температурасы (+80С), қазан айының орташа температурасы (+ 10С), қараша айының орташа температурасы (+30С), желтоқсан айының орташа температурасы (+70С)

Шешуі:

1) Орташа жылдық температура

(180С + 170С  + 160С + 100С + 70С + 40С + 40С + 60С + 80С + 10С  + 30С + 70С)

: 12 =   1010С : 12     = 8.40С

2) Температураның тәуліктік амплитудасы

180С  - 10С  =  170С

31.Улан Батор қаласының әр айдың орташа тәуліктік көрсеткіші төмендегідей болған жағдайда, орташа жылдық температура мен температураның жылдық амплитудасы қандай болатынын тап. Қаңтар айының орташа температурасы (-200С),  ақпан айының орташа температурасы (-190С), наурыз айының орташа температурасы (-110С), сәуір айының орташа температурасы (+30С), мамыр айының орташа температурасы (+80С), маусым айының орташа температурасы (+170С), шілде айының орташа температурасы (+190С), тамыз айының орташа температурасы (-170С), қыркүйек айының орташа

температурасы (-10С), қазан айының орташа температурасы (-120С), қараша айының орташа температурасы ( -200С), желтоқсан айының орташа температурасы (-200С)

Шешуі:

1) Орташа жылдық температура

((-200С) + (-190С) + (-110С) + 30С +  80С + 170С + 190С + 170С + (-10С) + (-120С) + (-200С) + (-200С) ) :  12 =   ((-1030С) + 640С) : 12  = 390С : 12 = 3,30С

2) Температураның тәуліктік амплитудасы    190С – (-200С)   =  390С

География пәнінен 6 сыныпқа диктанттар жиынтығы

«Кіріспе» тақырыбына арналған диктант 1- Нұсқа 1. География ғылымының дамыған жері................. 2. География..........сөзі 3. География......... деген мағынаны білдіреді. 4. ....... жердің табиғатын, табиғат құбылыстарын, олардың өзара байланысын зерттейді. 5. Жер шары халқын, шаруашылығын, оның орналасу заңдылықтарын зерттейтін географияның саласы..... 6. «География ғылымының атасы» грек оқымыстысы.......... 2- Нұсқа 1. Ежелгі Грекия.......... ғылымының дамыған жері. 2. «Табиғат» деген мағынаны білдіретін грек сөзі...... 3. ............ «шаруашылықты басқару» деген мағынаны білдіреді. 4. Физикалық география ...........зерттейді. 5. Экономикалық география........ зерттейді 6. «География» терминін ғылымға енгізген...... Дұрыс жауабы: 1-нұсқа 1. Ежелгі Грекия 2. Грек 3. Жерді сипаттау 4. Физикалық география 5. Экономикалық география 6. Эратосфен 2-нұсқа 1. География 2. Физис 3. Экономия 4. Жердің табиғатын 5. Жер шары халқын, шаруашылығын 6. Эратосфен

«Жер және оның қозғалысы» тақырыбына арналған диктант 1. Жер Күн жүйесінің.... 2. Планета....сөзі 3. Планетаның Күн төңірегіндегі жолы...... 4. Жер бетінің көлемі.... 5. Жердің полюстік радиусы..... 6. Жер өз осінің орбита жазықтығына.... көлбей орналасқан. 7. Жер өз білігін.... қарай айналады. 8. Жер өз білігін.... бір рет айналып шығады. 9. Жердің Күнді айналуға кеткен уақыты... деп аталады. 10. 366 күнге толатын жыл...

Дұрыс жауабы: 1. Планетасы 2. Грек 3. Орбита 4. 510 млн шаршы шақырым 5. 6357 км 6. 66,50 7. Батыстан шығысқа 8. 24 сағатта 9. Жыл 10. «Кібісе жылы» «План мен карталарда Жерді кескіндеу» тақырыбына арналған диктант 1-нұсқа 1. ..... – көкжиек тұстарын, бақылаушының тұрған жерін, қозғалыс бағытын анықтау. 2. Көкжиек тұстары....... болып келеді. 3. Солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс көкжиектің....... тұстары. 4. Көкжиек тұстарын анықтайтын құрал...... 5. ...... «жол» деген мағынаны білдіретін араб сөзі. 6. Азимуты 900 болатын көкжиек тұсы.... 7. Темірқазық жұлдызының бағыты.... 8. План мен картада неше есе кішірейтіліп түсіргенін көрсететін шартты өлшем..... 9. Масштабтың ...... түрі бар. 10. ..... ең ұзын параллель. Дұрыс жауабы: 1. Бағдарлау 2. Негізгі және аралық 3. Негізгі 4. Тұсбағдар (компас) 5. Азимут 6. Шығыс 7. Солтүстік 8. Масштаб 9. Үш 10. Экватор «Глобус пен географиялық карта» тақырыбына арналған диктант

1. ......солтүстік және оңтүстік полюстер арқылы жүргізілген шеңберлер. 2. Экваторға параллель немесе меридианға кесе көлденең жүргізілген сызықтар..... 3. .....Жердің дәл үлгісі 4. Жер бетіндегі нүктенің экватордан градуспен алынған қашықтығы..... деп аталады. 5. ..... жер бетіндегі нүктенің бастапқы меридианнан градуспен көрсетілген қашықтығы. 6. Масштабына қарай карталар ..... топқа бөлінеді. 7. 1: 100 000-ға дейінгі карталар.... болып саналады. 8. Жер бетінің пішіні карталарда........ арқылы кескінделеді. 9. Ұсақ масштабты карталарға....... жатады. 10. Географиялық бойлық....... дейін есептеледі.

Дұрыс жауабы: 1. Меридиандар 2. Параллельдер 3. Глобус 4. Географиялық ендік 5. Географиялық бойлық 6. Үш 7. Ірі масштабты 8. Қабатты бояулар мен горизонталдар 9. 1:100 000 000 ұсақтары 10. 00-1800-қа «Литосфера» тақырыбына арналған диктант 1-нұсқа 1. Жердің сыртқы ........ қабығы бар. 2. Жоғарғы мантия мен жер қыртысы........ құрайды. 3. Жер қыртысының құрлықтағы қалыңдығы....... жетеді. 4. Жердің қатты сыртқы қабаты.... 5. Жер қыртысынан кейінгі жер қабаты..... 6. Литосфералық тақталар жылына....... ығысады. 7. Жер қыртысы....... тұрады. 8. Жер қыртысында су, жел, т.б. күштер әсерінен пайда болатын тау жыныстары.... аталады. 9. Шөгінді тау жыныстары.... деп бөлінеді. 10. ....... тау жыныстарын құрайтын табиғи заттар. 2-нұсқа 1. Жердің ішкі құрылысы...... тұрады. 2. Тау жыныстарын зерттеу, пайдалы қазбаларды барлаумен..... айналысады. 3. Тау жыныстары пайда болуына қарай..... бөлінеді. 4. Магманың жер бетіне

шығып, немесе жер қойнауында суынуынан .... пайда болады. 5. Жер қыртысының қозғалуының....... белгілі. 6. ......жер қыртысы мен жоғарғы мантиядағы ығысу мен ыдырауынан пайда болатын жер бетінің тербелуі. 7. Жердің терең ішкі бөлігіндегі тау жыныстарының ығысатын жері.... деп аталады. 8. .....жер сілкіну ошағының жер бетіндегі нүктесі. 9. Жер сілкіну жиі қайталанатын аймақтар....деп аталады. 10. Жанартаулар ...болып бөлінеді. Дұрыс жауабы 1-нұсқа 2-нұсқа 1. Төрт 1. Жер қыртысы, мантия, ядро 2. Литосфера 2. Геологтар 3. 30-80 км 3. Үш топқа 4. Жер қыртысы 4. Магмалық тау жыныстары 5. Мантия 5. Екі түрі 6. 2-5 см 6. Жер сілкіну 7. Тау жыныстарынан 7. Жер сілкіну ошағы 8. Шөгінді тау жыныстары 8. Жер сілкіну эпицентрі 9. Кесек, органикалық, химиялық 9. Сейсмикалық аймақтар 10. Минералдар 10. Сөнген және сөнбеген

3-нұсқа 1. Жанартау бөліктеріне........ жатады. 2. ....... атқылауы жөнінен ешқандай мәлімет қалмаған жанартау. 3. Үнемі атқылап тұратын жанартаулар...... 4. Жер бетіне бұрқақ түрінде атқылап тұратын бұлақтар.....деп аталады. 5. Биіктігі....... дейінгі таулар аласа таулар. 6. Пайда болуына қарай таулар.... болып бөлінеді. 7. ....... жер шарындағы ең биік тау. 8. Сыртқы күш әсерінен тау жыныстарының өзгеруі...... деп аталады. 9. .....- жер бетінің тегіс, қыркалы бөлігі. 10. Абсолют биіктігіне қарай жазықтар... деп бөлінеді. 4-нұсқа 1. ......биіктігі 200метрге дейінгі жазықтар. 2. Биіктігі 2000 метрден асатын таулар..... 3. Жер бетінің ерекше биік бөлігі.... деп аталады. 4. Эпицентр сөзінің мағынасы.... 5. Жер қыртысы қозғалысын .... құралының көмегімен анықтайды. 6. Температураның өзгеруінен тау жыныстарының өзгеруі.... болып саналады. 7. Жазықтар... деп екіге бөлінеді. 8. Қыраттар картада ....... боялады. 9. Таулардың ұзақ уақыт бұзылуынан.... пайда болады. 10. Жер бетіне шығып төгілген магма ..... деп аталады. Дұрыс жауаптары 1-нұсқа 2-нұсқа 1. Магма, көмей, кратер, лава 1. Ойпаттар 2. Сөнген жанартау 2. Биік таулар 3. Сөнбеген жанартаулар 3. Тау 4. Гейзерлер 4. Үстіңгі шеңбер 5. 500-1000 метрге 5. Сейсмограф 6. Ескі және жас таулар 6. Физикалық үгілу 7. Гималай 7. Тегіс және төбелі 8. Үгілу 8. Сарғыш түспен 9. Жазықтар 9. Төбелі жазықтар 10. Ойпаттар, қыраттар, таулы үстірттер 10. Лава «Атмосфера» тақырыбына арналған диктант 1-нұсқа 1. Жердің сыртқы ауа қабаты.......деп аталады. 2. Ауаның 78 %-ын құрайтын газ.... 3. Атмосфераның төменгі қабаты..... 4. Тропосфера жер бетінен .... дейінгі аралықты қамтиды. 5. Ауа температурасы әрбір 100 метрге биіктегенде..... төмендейді. 6. Ауаның горизонталь бағытта қозғалуын....... деп аталады. 7. Ауа температурасын....... құралымен өлшейді. 8. Тәулік ішіндегі ең жоғарғы және ең төменгі температура арасындағы айырмашылық...... 9. Ауаның жер бетіне және ондағы заттарға түсіретін күші.... деп аталады. 10. .......... бағытын тәулік ішінде екі рет өзгертетін желдер.

